



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРІСІН МЕМЛЕКЕТТЕНДІРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тілеубек Ернұр

ernur9888@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономикалық факультет, Менеджент мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Набиева.М.Т.

”Мұнай-бұл билік, орасан зор билік”

Дэниел Ергин

Ұлттық экономиканың басым салаларын мемлекеттендіру, жалпы экономикалық көрсеткіштерді арттыруға негізгі себеп болады. Біздің елдің басым саласы ол-мұнай секторы. Мұнай секторын дамытып, жетілдіру еліміздің экономикасы үшін үлкен рөл атқарады.

Біздің еліміз мұнай қоры бойынша әлемде 12 орынды алады. Бұл үлкен көрсеткіш. Елімізде Менделеев кестесінің 100ге жуық элементі бар. Әлемнің алпауыт елдерімен мұна саласы бойынша бәсекеге қабілетті ел бола аламыз. [1] Қазіргі таңда экономикалық дамудың негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылады. 1985 жылмен салыстырғанда көміртегі шикізатын өндіру көлемі 225 пайызға өсті, ал дүние жүзі бойынша бұл көрсеткіш 1,3 есеге жуық өсті. 2005 жылы мұнай өндіру (газ конденсатын қоса алғанда) 61,9 млн. тоннаға, табиғи газ өндіру 25,2 млрд текше м болды. Қазақстанда болашақта ашық кен орындарын игеру есебінен 2015 жылға қарай 150 млн. тонна мұнай және 79 млрд текше м газ мөлшерінде көмірсутегі шикізаты өндіріледі. 2009 жылдан бастап мұнай өндірудің негізгі өсімі Каспий шельфінде байқалады деп көзделіп отыр. Еуропа елдері Қазақстан экспорты көлемінің негізгі бөлігін алады. Қазақстан ірі отын-энергетикалық өңір болып табылады. Еуропа елдері арасында Қазақстан экспортын негізгі тұтынушылар Швейцария, Италия, Польша, Германия болып табылады. Еуропа елдеріне экспорт жасау мұнай, ферроқорытпалар, металлургия өнеркәсібі өнімдерін, бидай сату есебінен артып отыр. Азия өңіріндегі елдерге қазақстандық өнімдерді жеткізу көлемі ұлғайды, онда негізгі тұтынушылардың бірі қытай өнеркәсібі болып табылады.

Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібін елді дағдарыстан шығаратын негізгі күш есебінде тану әбден орнықты. Қазақстан Республикасы Президентінің елдің стратегиялық дамуының 2050 жылдарға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасында «Бұл саланың дамуы республиканың экономикалық өсуінің басымдығына саналды. Республиканың мұнай-газ саласы өнеркәсіптік ерешелігіне сәйкес негізгі төрт салаға жіктеледі. Олар: мұнай өндіруші, мұнайды қайта өңдеуші, газ өндіруші, газды қайта өңдеуші. Бұл салалар өзара тығыз бірлікте, өздерінің жұмыс процесінде бір-бірін толықтырып жатады» делінген болатын [1].

2016 жылы мұнай-газ нарығы бірқатар сынақтарды басынан кешірді, жаһандық нарықтың құбылмалығы мен тұрақсыздығы жағдайды тіпті күрделендіріп жіберді. 2017 жылғы мұнай нарығын қалыптастыратын негізгі себептер 2016 жылдың аяғында-ақ орын алды деуге болады. Қараша, желтоқсан айларында ОПЕК пен оған кірмейтін елдердің кездесуі өтті, бұл кездесу жаһандық инвесторларға 2017 жылдың 1 жартыжылдығына жоспар құруға мүмкіндік берді. Мұнай өндіруді тәулігіне 1,8 млн баррель деңгейінде ұстап тұру келісімінің арқасында мұнай бағасы қарашада 5%, желтоқсанда 8% өсті. [2]


Біз ОПЕК мұнай өндіруді қысқартқанымен, оның орны АҚШ-тағы тақтатас мұнайын өндіру есебінен толықтырылады деп ойлаймыз. Тіпті, АҚШ-тағы бұрғылау қондырғыларының қазіргі санымен-ақ, тақтатас мұнайын өндіру көлемі 2017 жылғы 1 тоқсаннан бастап өсуге бет алды. 2017 жылы мұнай бағасының өсімі қалыпты болады, яғни, біздің базалық сценарий бойынша барреліне орташа 50-52 доллар болмақ. Жаһандық экономикалық өсім мұнай нарығының келешегін болжаудағы маңызды фактор болып қалып

отыр. Кейбір елдердің көрсеткіштері жақсы болғанымен, өзгелерде жағдай оңды емес. Десе де 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы жоғары өсу қарқыны күтіліп отыр. ДЖӨ 2016 жылы 2,4-3,1% болса, 2017 жылы 2,8-3,4%-ға өседі деп күтіліп отыр.

«ҚазМұнайГаз»ҰК– Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін, көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша қазақстандық операторы. Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ-ның құрылтайшысы болып табылады. [3]

«ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Қазақстанда мұнай және газ конденсатын өндірудің жалпы көлемінің **28%** өндіреді, табиғи және ілеспе газдың - **16%** өндіреді, магистральды мұнай құбыржолдарымен мұнайдың **65%** тасымалдануын қамтамасыз етеді, Ақтау портынан танкерлермен мұнай тасымалдаудың **77%**, сондай-ақ магистральды газ құбыржолдарымен табиғи газдың **95%** тасымалдануын қамтамасыз етеді, қазақстан мұнайының **82%** өңдеуді жүзеге асырады, мұнай өнімдерінің блшек сауда нарығындағы үлесі - **17%**.

Қазіргі таңда елімізде мұнай саласымен айналысатын компаниялар көп. Және еліміздің негізгі мұнай-кен орындары Теңіз, Қарашығанақ, Қашағанның акциялары шетелдік компанияларда.



	Chevron	ExxonMobil	KazMunaiGas	LukArco	BG	ENI	Lukoil	Total	Shell	CNPC	Samruk-Kazyna Fund	Inpex
Теңіз	50,00%	25,00%	20,00%	5,00%								
Қарашығанақ	18,00%		10,00%		29,00%	29,00%	13,00%					
Қашаған		17,00%	8,00%			17,00%		17,00%	8,00%	8,00%		8,00%

Дерек көзі: Нефтегазовый сектор. Рынок нефти на пути к балансировке [4]

Әлемнің мұнай өнеркәсібінің дамуы соңғы жүз жылдықта шаруашылықтың көптеген салаларының дамуына және мемлекет саясатына өте күшті әсер етті. Ол мұнай өндірудің жалпы өсуімен және мұнай өндіретін елдер санының өсуімен байланысты болып отырды.

Мысалы, егер осыдан аз уақыт бұрын мұнайды өндіретін елдер санаулы ғана болатын болса, қазір мұнай өндірудің географиялық аумағы кеңейді [5].

Жалпы алғанда әлемдегі мұнайға бай Сауд Арабия мен Иран мұнайының 100%, ал Ресейдің 50% мұнай қазба байлығы мемлекетке тиесілі. Мен еліміздің мұнай қазба байлығынң шетелдік тәжірибелерді алу арқылы 50% тиесілі болуын ұсыныс ретінді ұсынамын. Сонда мұнайдан түсетін экспорттық пайда әлде қайда көп болады.

2017 жылғы Британдық ВР мұнай-газ компаниясының жыл сайынғы әлемдік энергетика статистикасы мәліметтері бойынша Ресей Федерациясы бір жыл ішінде 554.3 млн тонна мұнай өндіріп әлемдік рейтингте 2шы орынға ие болды, Иран 216.4 млн тонна өндіріп әлемдік рейтингте 6 орын алды. Ал Қазақстан Республикасы 79.3 млн тонна өндіріп әлемдік рейтингте 17 орынға ие болды. Жалпы 2017 жылы әлемде 4382.4 млн тонна мұнай өндірілген.

Иран Республикасында мұнай-газ кен орындарын мемлекеттендіру ресми түрде Ұлттық кеңестің шешімі бойынша 1951 жылы 15 наурызда мемлекеттендірілді. Мұнайды мемлекеттендіру қозғалысын Иранның болашақ премьер-министрі, «Ұлттық фронт» партиясының лидері Мохаммед Моссадық болған еді. Осылайша Иранның барлық мұнай акцияларының 100%-ы мемлекетке өтті. Ал Ресей Федерациясында мұнай-газ саласын мемлекеттендіру билік басына Владимир Путин келгенде басталды. Ол шетелдік компаниялардың акциялық үлестерін Роснефть ұлттық компаниясы арқылы сатып алып, 50% акция тікелей мемлекет қол астына өткен.

Әлемдегі ірі мұнай экспорттаушы елдердің тәжірибесіне алу арқылы, бізде өзіміздің қазба байлығымыздың акциялық үлесін ұлғайтқан дұрыс деп есептеймін. Ол үшін шетелдік Chevron, ExxonMobil, Shell сияқты ірі мұнай гиганттарының акциялық үлесін кері сатып алғанымыз дұрыс деп есептеймін. Нәтижесінде елімізде мұнай экспортаудан түсетін пайда көбейеді және мұнай кен орындары туралы маңызды, стратегиялық шешімдерді «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы қабылдайтын болады. Энергетика саласындағы газ, бензин тапшылығының азаюына алып келеді. Жалпы алғанда өз мұнайымызды өзіміз басқарсақ, зор нәтижеге қол жеткізе аламыз. Осы әрекеттер арқылы бюджеттік түсімдер арта түседі. Сол қаржылар арқылы жаңа әлеуметтік бағдарламалар жасау мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл мемлекеттің ЖІӨ, әлеуетін, жағдайын арттыруға мол серпіліс беретініне кәміл сенемін. Басқа елдермен салыстырғанда бізде мұнай-газ кен орындары көп орналасқан және ашылмаған мұнай кен орындары әлі де көп. Осыларды еркін игеруге қол жеткіземіз. Мемлекеттің осы бағыттағы өндірісті инвестициялық қуаттылығын арттыру бағытында атқарған іс-шаралары ұлттық экономиканың басқа салаларының табысты дамуына ерекше серпін берді. Инвестициялық қайтарымдылық көрсеткіштерін ескере отырып, саланың мемлекеттік активтерімен толық қамтамасыз ету, болашақтағы әлеуметтік экономикалық дамудың кепілі болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы: проблемалар және шешу жолдары. – Алматы: Қазақстан, 1998.- 136б.
2. <https://sk.kz/kz/research/523871/8401/>. Самрұқ қазына қорының ресми сайты.
3. http://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/obshaya_informaciya/
4. Самрукказына. Нефтегазовый сектор. Рынок нефти на пути к балансировке. Июнь 2017
5. «Қазақстанның Мұнай Энциклопедиясы», Алматы, 2005.- 598б.